Шардара қаласы

«Шардара» мектеп - лицейі

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 5-отырысының хаттамасы

Шардара қаласы 27 .03.2026ж

Өткізілген орны: Мектептің мәжіліс залы

Қатысқандар: Л.Ө.Құлмаханбет,Э.О.Кулиева,Қ.Нуржанова,Р.Кеңес, А.Арын.Б.Исабекова,Г.Тұрсымбетова.Д.Дүйсебаева,Э.Үмбетова, С.Жексенбаева,А.Базарбаева,М.Сатылганова,УсенбаеваД..У.Жора. И.Досыбаева.С.Шындалиева

Күн тәртібінде:

1. Үшінші тоқсан бойынша ерекше білім беру қажет ететін білім алушылардың даму динамикасына мониторинг жасау;
2. Диагностика нәтижелері бойынша жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларына өзгерістер енгізу;
   ЕББҚ ететін білім алушыларға берілетін тиісті үлгідегі құжаттардың түрлерін қарастыру

Тыңдалды:

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 5-отырысын директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары ашып, қатысушыларды күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Отырыс барысында үшінші тоқсан бойынша ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың даму динамикасын талдау, ағымдағы диагностика нәтижелері негізінде жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларына өзгерістер енгізу, сондай-ақ білім алушыларға берілетін тиісті үлгідегі құжаттардың түрлерін қарастыру мәселелері талқыланатыны айтылды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектептің арнайы педагогы ақпарат берді. Үшінші тоқсан бойынша ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың даму динамикасына жүргізілген ағымдағы мониторинг нәтижелері тыңдалды. Арнайы педагог білім алушылардың жеке дамыту бағдарламасы мен түзете-дамыту бағдарламасында жоспарланған бағыттар бойынша жұмыс барысына талдау жасалғанын баяндады.

Ағымдағы мониторинг барысында білім алушылардың танымдық әрекеті, нұсқауды қабылдауы, оқу тапсырмаларын орындауы, жазу және санау дағдылары, кеңістікте бағдарлауы, ұсақ моторикасы, сабаққа қатысу белсенділігі және өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігі қарастырылды.

Scanned with CamScanner

Мониторинг нәтижесінде білім алушылардың бір бөлігінде жоспарланған жұмыс бағыттары бойынша оң даму динамикасы байқалғаны айтылды. Сонымен қатар жекелеген білім алушыларда тапсырманы толық орындау, зейінді тұрақтандыру, нұсқауды түсіну және оқу материалын меңгеру барысында қосымша қолдау қажеттілігі сақталғаны атап өтілді.

Ағымдағы бақылау нәтижесінде жекелеген білім алушыларда сұраққа жауап беру, қысқа сөйлем құрау, сөздік қорды қолдану және сөйлеу белсенділігі бағыттарында оң өзгерістер байқалғаны атап өтілді. Сонымен қатар кейбір білім алушыларда сөйлеу тілін түсіну, ойын жүйелі жеткізу және жазбаша тапсырмаларды орындау кезінде қосымша қолдау қажеттілігі сақталып отырғаны айтылды.

Күн тәртібіндегі *екінші мәселе* бойынша ағымдағы диагностика нәтижелері негізінде жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларына өзгерістер енгізу мәселесі қаралды. Арнайы педагог жүргізілген бақылау мен ағымдағы диагностика қорытындыларына сүйене отырып, бағдарламаларға өзгеріс енгізуді қажет ететін білім алушылар бойынша жеке талдау ұсынды.

Атап айтқанда, 4 «Б» -сынып білім алушысы Қамбарбек Айқынбек үшін ЖДБ-ның танымдық әрекет және оқу дағдылары бағыттары бойынша тапсырмалардың көлемін азайту, нұсқауды жеңілдету және көрнекі тіректерді жүйелі қолдану қажеттілігі анықталды.

5 «Б»-сынып білім алушысы Әбдіқадыр Бегімсұлу үшін ТДБ-ның кеңістікте бағдарлау және тапсырманы орындау бағыттары бойынша жаттығуларды кезең-кезеңімен беру, қайталау жұмыстарын күшейту және қосымша қолдау түрлерін енгізу ұсынылды.

Педагог-психолог ағымдағы диагностика нәтижелері бойынша кейбір білім алушыларда зейіннің тұрақсыздығы, тез шаршау, тапсырманы орындауға ынтасының төмендеуі байқалатынын атап өтті. Осыған байланысты аталған білім алушылармен жұмыс барысында қысқа нұсқау беру, мадақтау, визуалды қолдау қолдану және жеке жұмыс қарқынын ескеру ұсынылды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша жеке оқу бағдарламасымен оқитын білім алушыға берілетін тиісті үлгідегі құжаттардың түрлері қарастырылды. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы №39 бұйрығына сәйкес рәсімделетінін түсіндірді.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға берілетін аттестат түрі ПМПК қорытындысында көрсетілген оқу бағдарламасына сәйкес айқындалатыны айтылды. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы №39 бұйрығының 5-қосымшасына сәйкес «БТ» сериялы аттестат үлгісі қатысушыларға таныстырылды. Тиісті құжат түрін педагогикалық кеңесте қарауға ұсыну қажеттілігі атап өтілді.

Scanned with CamScanner

Ұсыныс:

1. Үшінші тоқсан бойынша жүргізілген ағымдағы мониторинг нәтижелерін ескере отырып, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен жүргізілетін қолдау жұмыстары олардың жеке даму динамикасына сәйкес жалғастыру;
2. Ағымдағы диагностика нәтижесінде анықталған қиындықтар бойынша ЖДБ және ТДБ мазмұнын білім алушылардың жеке даму ерекшеліктеріне сәйкес нақтылау;
3. Жеке оқу бағдарламасымен оқитын білім алушыларға берілетін тиісті үлгідегі құжаттар туралы ақпаратты педагогикалық кеңесте қарастыру.

Шешім:

1. Үшінші тоқсан бойынша жүргізілген ағымдағы мониторинг нәтижелерін ескере отырып, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен жүргізілетін қолдау жұмыстары олардың жеке даму динамикасына сәйкес жалғастырылсын.
2. Ағымдағы диагностика қорытындысы негізінде жекелеген білім алушылардың жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларына қажетті өзгерістер енгізілсін.
3. Жеке оқу бағдарламасымен оқитын білім алушыларға берілетін тиісті үлгідегі құжат түрін педагогикалық кеңесте қарауға ұсыну тапсырылсын.

ПҒКҚ төрайымы Э.О.Кулиева

Хатшы: Қ.Нуржанова